

Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданын Шал ақын ауданы деп қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі 1999 жылғы 10 қаңтардағы N 5 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 22 ақпанда N 58 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Z934200_ Заңын басшылыққа ала отырып облыс әкімі ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:

1. Селолық округтер бойынша азаматтар жиындарының өтініштерін, аудандық мәслихат сессиясының және аудан әкімінің шешімдерін ескере отырып, Сергеев ауданының атауы Шал ақын ауданы деп өзгертілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінен Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданының атауын Шал ақын ауданы деп өзгерту сұралсын.

Облыс әкімі